

БӨЛІМ: ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

Ақкөңілділік туралы

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimgger.kz/52149/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мектебі: Бостандық ОЖББМ

Пән: Өзін – өзі тану Күні : А-20.11.18- Б 22.11.18

Мұғалімі: С.З.Адиева

Сыныбы: 6 А.Б

Оқушылардың саны:

Тақырыбы: Ақкөңілділік туралы

Құндылығы: Сүйіспеншілік

Қасиеттері: Адамдарға риясыз қызмет ету, жанашырлық, шынайылық.

Мақсаты: Оқушыларға ақкөңілділік туралы түсінік бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.

Міндеттері:

1. Білімділік: Оқушыларды адамдарға риясыз қызмет жасауға үйрету.
2. Дамытушылық: Оқушылардағы жанашырлық қасиеттерін дамыту.
3. Тәрбиелік: Оқушыларды шынайы болуға тәрбиелеу. Ресурстар:

(материалдар, дереккөздер)

2. <http://kz-minusovki.ucoz.kz>
3. bilim-all.kz

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

5 Т – ережесі:

1. Тәртіп.
2. Талап.
3. Тыныштық.
4. Тазалық.
5. Татулық.

Балалар ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып — білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік.

Тыныштық сәті. Су асты патшалығына ойша саяхат. (Оқушылардан шеңбер құрып отыруды, қолдарын тізесіне немесе үстел үстіне қояды, аяқтарын айқастырмауды өтінізіз. Арқаларын тік ұстауын қадағалаңыз. Жайлы, баяу музыка қойыңыз).

Мұғалім: Көзіңізді жұмыңыз және бірнеше рет терең тыныстаңыз; денеңізді босатыңыз. Бірнеше секундтан соң теңіз түбіне саяхат жасаймыз.

Теңіз жағасымен келе жатқаныңызды елестетіңіз. Толқындардың жеңіл шалпылына, шағалалардың шуылына құлақ түріңіз. Жалаң аяқтарыңызбен құмды сезініңіз. Шалғайдан қара нүкте көріп тұрсыз: ол жақындаған кезде дельфин екенін түсіндіңіз. Ол сізді теңіз түбіне алып кету үшін келді. Ол өте әдепті жәндік, сізді шыдамдылықпен күтіп тұр. Жайлап оның арқасына отырыңыз, мықтап ұстап, жолға шығыңыз. Дельфиннің арқасында жайланып отырып, өзіңді қауіпсіз сезіну, су астында жүзу қандай керемет. Жан-жағыңызға қараңыз: мұнда кемпірқосақ тәрізді арлы-берлі жарқырай қалқыған әсем балықтар қаншама. Теңіз түбіне бойлаған сайын айнала қалайша өзгереді, суда тербелген қаншама ғажайып балдырлар. Қараңызшы, қандай орасан зор балықтар, ал енді анау жаққа көз тастаңыз... бұл орасан зор сегізаяқ. Су асты неткен қызықты әрі ғажап әлем. Сіз бір нәрсені байқадыңыз ба? Мұнда неткен тұңғыық, толық тыныштық. Осы тыныштық күйде болыңыз.(Мұғалім бірнеше секунд үнсіз қалады).

Ал қазір жоғарыға, өз әлемімізге кері қайтуға дайындалыңыз. Айналаға жіті қараңыз. Ғажап түстерге тағы бір рет қараңыз және тыныштыққа құлақ түріңіз. Осындай тыныштық сізге самалдай әсер береді. Енді дельфин кері қарай жолға шықты. Сіз су бетіне шықтыңыз, жағаға жақындадыңыз. Дельфиннің арқасынан түсіңіз, оны сипалаңыз және осындай ғажап саяхатқа апарғаны үшін ризашылық білдіріңіз.

Сыныпқа оралыңыз және өз орныңызға келіңіз. Бірнеше секундтан соң көзіңізді ашыңыз, осы түйсінген тыныштықты өз бойыңызда сақтауға тырысыңыз. Рахмет!

2. Үй тапсырмасын тексеру.

1. №11 – сабақ. Достық, бауырмалдық туралы мақал – мәтелдер жазу.

2. Келесі сабақ. №12, «Ғазизаның балалары» мәтінін оқып келу.

Сұрақтар:

1. Неліктен ағайынды бауырлар кінәні әрқайсысы өз мойнына алуға тырысты?

2. Бауырмалдық пен мейірімділік қандай ізгі қасиеттердің негізінде туындайды?

3. Өзгелерге деген ізгі ниеттерің мен жылы лебіздеріңді қалай білдіресіңдер?

4. Өзгелердің қамқорлығына бөленіп, мейірімін сезінгенде қандай күйде боласыңдар?

3. Сабақтың дәйексөзі.

(Ұл балалар бір рет оқиды, қыз балалар бір рет оқиды, барлығы бірге қайталайды)

Махаббат, достық, бауырмалдық — адамның ең бір асыл қасиеттері.

Ғабит Мүсірепов

Мүсірепов, Ғабит Махмұтұлы (22 наурыз 1902 — 31 желтоқсан 1985) – қазақтың халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақ КСР ҒА

академигі (1985), Социалистік Еңбек Ері (1974), Қазақстан халық жазушысы.

1. Сұрақтар:

1. Айналасындағы адамдардың жақсылығын қалай сезінесіңдер?
2. «Жаныңда жүр жақсы адам» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Жақсы іс адамның қандай әрекеттерінде көрініс табады?
4. Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?
4. Оқиға айту (Мұғалім сыйы)

Жақсылық пен Жамандық

Сұрақтар:

1. Әңгімеде қандай қасиеттер туралы айтылған?
2. Жақсылық жасау дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Қандай құндылықтар адамды жақсылық жасауға ұмтылдырады?
4. Жақсы адамның бойында қандай қасиеттер болады?
5. Барлық адамның қолынан жақсылық жасау келе ме? Әңгімелеп беріңдер.
5. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.

Оқушылар үш топқа бөлінеді.

Тапсырма:

- 1 - топ: Жақсылық жасау деген не? (топтастырып постерге жазу)
- 2 - топ: Жақсы аданың бойында қандай қасиеттер болады? (топтастырып постерге жазу)
- 3 - топ: Жақсы адам- елдің ырысы, Жақсы сөз - жанның тынысы. (мақал-мәтелді оқыңдар, негізгі ойды тауып, өмірден мысал келтіріңдер).

Топпен ән айту.

Жақсы адамдар

Әні мен сөзі: А. Оралов

Сендер аман болыңдар жақсы адамдар,

Жақсы адамдар - бұзылмас тас қамалдар.

Табаныңның астында жатады әлі

Пенделіктен өресі аспағандар

Қайырмасы:

Жақсы адамдар, жақсы адамдар,

Сендер аман болыңдар жақсы адамдар.

Жақсы адамдар, жақсы адамдар,

Сендер аман болыңдар жақсы адамдар.

Жақсы адамдар.

Жақсы көрем сендерді жақсы адамдар,

Жүрегіңде өйткені аппақ ар бар.

Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар,

Күйіп кетсін көре алмас бәтшағарлар

Жақсы адамдар, жақсы адамдар

Жақсы адамдар, жақсы адамдар,
Жолы болсын ақ ниет бар адамдар!
Жақсы адамдар.
Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар,
Жолы болсын ақ ниет бар адамдар!
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар,
Қарап өтсін сендерге басқа жандар.
Қайырмасы:
Жақсы адамдар, жақсы адамдар
Қарап өтсін сендерге басқа жандар
Жақсы адамдар, жақсы адамдар
Қарап өтсін сендерге басқа жандар
Жақсы адамдар.
Жақсы адамдар, жақсы адамдар,
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар.
Жақсы адамдар, жақсы адамдар,
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар.
Жақсы адамдар.

7. Үй тапсырмасы.

1. №12 – сабақ. Оқулықта берілген 1 – тапсырманы орындау.

2. Келесі сабақ. №13, «Қара құлып» мәтінін оқып келу.

8. Сабақтың қорытынды сәті.

Тыныс алуға зейін қою.

Баяу музыка қойылады.

Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, түзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз.

Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады...

Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе 1.....2 [3].

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.